


# МАШИНА ЖАСАУ 2021 ж. қаңтар-наурыз



**470** МЛРД. ТГ.



**121,8%** ФКИ




**\$172,9** МЛН



**ЭКСПОРТ**

Импорт 65,6%  
отө 34,4%




**НАРЫҚ**

**\$1 808,5** МЛН



**ИМПОРТ**

Нарық, экспорт және импорт бойынша 2021 ж. 2 айдағы деректер



**ӨНІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС**

2021 Ж. ҚАҢТАР-НАУРЫЗ

**ҚР-да машина жасау өнімін өндіру көлемі 2021 жылғы қаңтар-наурыз айларында** ақшалай мәнде 2020 жылғы баламалы кезеңмен салыстырғанда **13%-ға өсті және 470 млрд теңгені құрады**, нақты мәнде өндірістің 21,8% өсуі байқалады. Өзге көлік құралдарын өндіру секторы - 182%, басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісі - 46,8% айтарлықтай өсімді көрсетті.

**Машина жасау өнімінің НКИ 2021 жылғы қаңтар - наурызда 2020 жылғы қаңтар - наурызға қарағанда 121,8% - ды құрады.**

*Автокөлік құралдарын өндіру секторында физикалық көлемнің айтарлықтай өскенін атап өту керек + 20,7%.* Көрсеткіштердің өсуіне автокөлік сатып алуға жеңілдетілген несие беруге және халықтың сұранысына ақшалай транш түріндегі мемлекеттік қолдау нәтижесінде қол жеткізілді, 2021 жылы транш 20 млрд теңгені құрады.

*Басқа көлік құралдарының өндірісі НКИ (+65,9).* Темір жол локомотивтері мен жылжымалы құрам өндірісі есебінен (+269,9%).

*Машиналар мен жабдықтар өндірісі (+56,6%),* бұрын енгізілген кәдеге жарату алымының есебінен және бірқатар құрастыру өндірістерінің – "Агромашхолдинг KZ" АҚ базасында қытайлық LOVOL маркалы тракторлар өндірісінің іске қосылуы нәтижесінде оң динамика сақталды, Кировец маркалы тракторлар шығару бойынша жоба енгізілді. Сондай-ақ жұмыс істеп тұрған қуаттарда өндіріс көлемінің өсуі (мысалы, Көкшетау қазақстандық-белоруссиялық а/ш индустриялық-технологиялық паркі және коммуналдық техника базасында). А/ш және о/ш техникасының өндірісі НКИ (391,3%).

*Компьютерлер, электронды және оптикалық өнімдер өндірісінің НКИ (+52,1%)* компьютерлер мен перифериялық жабдықтар өндірісі және коммуникациялық жабдықтар өндірісі есебінен. Компьютерлік техника өндірісінің өсімі Петропавл қаласында С.М. Киров атындағы зауытта ноутбуктер мен планшеттер өндірісінің іске қосылуына байланысты тіркелді.

*Электр жабдықтары өндірісінің НКИ (109,8%)* трансформаторлар (193,7%) және аккумуляторлар (330,5%) өндірісі есебінен болды.

**2021 жылғы қаңтар-ақпанда машина жасау өнімдерінің экспорты 3%-ға төмендеп, 172,9 млн. АҚШ долларын құрады**, оның ішінде реэкспорт өнімдері (ұшақтар, турбореактивті қозғалтқыштар, танкерлер және т.б.). Экспорт құрылымындағы отандық өндірушілердің негізгі үлесі аккумуляторларға (7,6%), темір жол теңгергіш жүріс арбаларына (5,0%), цилиндрлік шығыршықтары бар мойынтіректерге (4,9%), көлік құралдарына (4,4%), құбыржолдарға арналған өзге де арматураларға (1,8%) және т.б. тиесілі. Негізгі экспорт елдері: Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан.

**2021 жылғы қаңтар-ақпанда машина жасау өнімдерінің импорты 4%-ға артып, 1 808,5 млн. АҚШ долларын құрады.** Бұл әлемдегі індетке,

шекаралардың уақытша жабылуына және тасымалдау мен сұраныстың төмендеуіне байланысты. Осылайша тауар позицияларының басым бөлігі бойынша жеткізілімдер қысқарды. **Импорттық жеткізілімдердің өсуі** көлік құралдары бойынша байқалады (870323, 870324) 5,6 есе, тел.байланысына арналған қабылдау аппаратурасы 2,7 есе, статикалық түрлендіргіштер 2,9 есе, пульттер, панельдер, консольдер 1,5 есе. Негізгі импорттаушы елдер: О. Корея, Ресей, Қытай.

2021 жылғы қаңтар-ақпан айларында ҚР машина жасау нарығының көлемі 2,8 млрд. АҚШ долларын құрады, мұндағы ОТӨ үлесіне 34,4%, импорттық өнім үлесіне – 65,6% келеді.

Сала жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді: Нұр-Сұлтан қ., Алматы қ., Қостанай, Қарағанды және Ақмола облыстарында.